



ӘКЕНІҢ ОРНЫ ЕРЕКШЕ

6-БЕТ | МӘСЕЛЕ



ҚЫЛҚАЛАМ СӨЙЛЕТКЕН ШЫНДЫҚ

8-БЕТ | ӨНЕРБАЯН

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

Қазақстан – аяғына нық тұрған, халықаралық беделі биік мемлекет. Еліміз ішкі тұрақтылығын сақтап, өзге жұртпен достық қатынас орнатып, зор сеніммен алға қарай қадам басып келеді. Енді мемлекетіміз дамудың даңғыл жолына түседі. Сондықтан бізге татулық пен достық, сабырлық пен табандылық, жасампаздық пен ұқыптылық, еңбекқорлық пен сенімділік ауадай қажет.

№46
(4944)
Сейсенбі
21 сәуір
2026 жыл

ASTANA AQSHAMY

ELORDA AQPARAT

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



ҚАЗАҚСТАН – БАҚЫТТЫ ЕЛДЕР ҚАТАРЫНДА

Жаһандық бақыт индексі рейтингінде Қазақстан өз позициясын айтарлықтай жақсартып, World Happiness Report 2026 есебінде 33-орынды иеленді. Бұл – елдің зерттеуге қатысқан бүкіл уақыт ішіндегі ең жоғары нәтижесі және бір жыл ішінде +10 сатыға көтерілуі.

Есеп жыл сайын БҰҰ, Оксфорд университеті және Gallup аналитика компаниясының қатысуымен жарияланып, өмір сапасын бағалауға арналған ең ірі жаһандық зерттеулердің бірі саналады. 2026 жылы рейтингке 147 ел енген, ал бағалау тұрғындардың өз өміріне берген бағасына негізделген. Қазақстан тізімде тек жоғарылап қана қоймай, Франция мен Сингапур сияқты дамыған бірқатар елді артта қалдырған. Есепке сәйкес, біздегі орташа өмірге қанағаттану деңгейі 6,633 балға жетіп, өткен жылмен салыстырғанда өсім байқалған, ТМД және Орталық Азия мемлекеттері арасында бақыт деңгейі бойынша көшбасшы болып отыр. Ал жаһандық рейтингте көш басында бұрынғыша Финляндия тұр.



ТАЗА АУЛА – ТАЗА ҚАЛА

Астанада өткен «Таза Қазақстан» жалпыұлттық бастамасы аясында қала аумағын санитарлық тазарту мен абаттандыруға бағытталған «Таза аула» экология сенбілігіне 40 мыңға жуық адам қатысты. Ауқымды іс-шара барысында 1560 аула тазартылып, 100 тонна қоқыс шығарылды.

Таза Қазақстан
ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АКЦИЯ







№46 (4944) 21/04/2026 Сейсенбі

АҚОРДА

КӨҢІЛ АЙТУ ЖЕДЕЛХАТЫН ЖОЛДАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ұлт перзенті, аса көрнекті ақын, белгілі қоғам қайраткері, Халық жазушысы, Қазақстанның Еңбек Ері Мұхтар Шахановтың отбасы мен жақын туыстарына көңіл айту жеделхатын жолдады.

«Мұхтар Шаханов бар ғибратты ғұмырын қастерлі сөз өнеріне арнап, қазақ поэзиясын жаңа белеске көтерген, төл әдебиетіміз бен мәдениетіміздің көкжиегін кеңейтуге елеулі үлес қосқан қоғамымыздың тұғырлы тұлғасы еді. Әрқашан тіл жанашыры ретінде игілікті істердің бастауында болды. Шығармалары көптеген шет тілдеріне тәржімаланды, жалынды жырларын қалың оқырман сүйіп оқыды. Өнегелі өмір сүріп, соңына мол әдеби мұра қалдырған Мұхтар Шахановтың жарқын бейнесі халқымыздың жадында мәңгі сақталады» делінген жеделхатта.

ӘЛЕУЕТІ ЗОР САЛА

Бизнес-сектор волонтерлікті бір реттік қайырымдылық емес, корпоративтік мәдениет ретінде қарастырады. Бұл туралы Мәдениет және ақпарат министрлігінен мәлім етті.

Қазіргі таңда Қазақстанда корпоративтік волонтерлік жаңа институционалдық деңгейге көтерілді. Бизнес-сектор волонтерлікті бір реттік қайырымдылық ретінде ғана емес, корпоративтік мәдениет пен ESG стратегияның ажырамас бөлігі ретінде қарастырады. «ҚазМұнайГаз», «Шеврон», «Қазақстан темір жолы», «PricewaterhouseCoopers», «Samruk-Kazyna Trust» қоры, «Coca Cola», «LG», «BI Group», «Beeline», «Samsung» сияқты ірі компанияларда өздерінің ішкі волонтерлік ұйымдары мен кеңестері құрылған. Аталған құрылымдар тек сыртқы бастамаларға қатысып қана қоймай, өздерінің әлеуметтік жобаларын дербес әзірлеп, белсенді түрде іске асырады. Бұл – корпоративтік волонтерліктің толыққанды жүйеге айналғанының басты көрсеткіші.

«Биыл қызметкерлерді волонтерлік әдіснамасы бойынша оқытуға арналған кешенді бағдарламалар сарапшыларды тарта отырып жоспарланған. Компания ішінде волонтер қызметкерлерді моральдық қолдау және олардың азаматтық белсенділігіне құрмет көрсету мәдениеті қалыптасқан. Корпоративтік волонтерлік – бизнестің қоғамдағы рөлін айқындайтын маңызды құрал. Алдағы уақытта бұл бағыт 2030 жылға дейінгі волонтерлікті дамыту тұжырымдамасы аясында арнайы оқыту курстары мен жүйелі қолдау тетіктері арқылы одан әрі нығаяды» делінген Мәдениет министрлігінің мәліметінде.

МӘЖІЛІС



ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯНЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІН БАЯНДАДЫ

Мәжіліс төрағасы Ерлан Қошанов бастаған Қазақстан Парламентінің делегациясы Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымының Парламенттік ассамблеясы кеңесінің отырысына қатысты.

ҰҚШҰ Парламенттік ассамблеясы кеңесінің отырысында сөз сөйлеген Ерлан Қошанов қатысушыларды ұйымның 20 жылдығымен құттықтады. Ол осы уақытта Парламенттік ассамблея ҰҚШҰ ұжымдық қауіпсіздік жүйесінің маңызды элементіне айналғанын, мүше мемлекеттер арасындағы тиімді парламенттік өзара іс-әрекетті қамтамасыз еткенін атап өтті. Мәжіліс спикері қазіргі жаһандық саяси тұрақсыздық жағдайында парламенттік дипломатия бейбітшілік пен жалпыға ортақ өркендеу жолындағы маңызды біріктіруші тетікке айналып келе жатқанына назар аударды.

Ерлан Қошанов әріптестерін жалпыреспубликалық референдумда қазақстандықтардың басым көпшілігі қолдаған жаңа Конституцияның негізгі ережелері туралы хабардар етті.

– Президенттіктің алғашқы күндерінен бастап Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев маңызды саяси реформаларға бастамашы болды. Жаңа Конституция олардың логикалық нәтижесіне айналды. Мемлекет басшысының бастамасы бойынша әділ және прогрессивті Қазақстан құру Ата заңның басты мақсаты ретінде бекітілді. Адамның мүддесіне бағытталу принципі жаңа әрі терең мазмұнмен толықты. Адам, оның құқығы мен бостандығы мемлекеттің басты құндылығына айналып отыр. Конституцияда күшті Президент, ықпалды Парламент және есеп беретін Үкімет теңгерімі бекітілді. Біз қос палаталы Парламенттен бір палаталы Парламентке өтеміз. Оған Құрылтай атауы берілді, оның мүшелері тек партиялық тізім бойынша сайланады, – деді Мәжіліс спикері.

ҰҚШҰ парламентшілері жаңа институттар – Вице-президент пен Халық кеңесі құрылғаны туралы, сондай-ақ президенттік басқару нысаны Конституцияда биліктің барлық тармағы жұмысының үздіксіздігін, жүйелілігі мен келісімін қамтамасыз етудің кепілі ретінде бекітілгені туралы хабардар болды.

Ассамблея жұмысына тоқталған Мәжіліс төрағасы ҰҚШҰ-ға мүше мемлекеттердің ұлттық заңнамаларын үйлестіруді жақындастыру бойынша депутаттардың жүйелі және жемісті жұмыс атқарғанына назар аударды. Ассамблея қабылдаған модельдік заңдардың ауқымы өте кең, онда ұжымдық қауіпсіздіктен бастап терроризмге, экстремизмге, заңсыз есірткі айналымына және трансұлттық қылмысқа қарсы іс-әрекетке дейін қамтылған.

Отырыс барысында делегаттар ҰҚШҰ Ұжымдық қауіпсіздік кеңесінің қараша айындағы сессиясының шешімдерін, ұжымдық қауіпсіздіктің сын-қатерлері мен қауіптеріне қарсы іс-әрекет жөніндегі шараларды, сондай-ақ ҰҚШҰ-ға мүше мемлекеттердің ұлттық заңнамасын жақындастыру және үйлестіру жөніндегі Ұжымдық қауіпсіздік туралы ҰҚШҰ Парламенттік ассамблеясы қызметінің 2026-2030 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру барысын талқылады.

ҮКІМЕТ

ҚОҒАМДЫҚ ҚАУІПСІЗДІК – БАСТЫ НАЗАРДА

Премьер-министр Олжас Бектенов ҚР Үкіметінің жанындағы құқық бұзушылық профилактикасы жөніндегі ведомствоаралық комиссияның отырысын өткізді. Онда референдумда қабылданған Конституцияның нормаларын сапалы және жедел енгізуді қамтамасыз ету үшін «Заң мен тәртіп» қағидатын бекіту мәселелері қаралды.

– Мемлекет басшысы өткен жылдың соңында «Құқық бұзушылық профилактикасы туралы» заңға қол қойды. Осы заңға сәйкес, құқық бұзушылықтың алдын алуға жауапты субъектілердің тізбесі мен ведомствоаралық комиссияның құрамы кеңейтілді. Сонымен қатар жалпыхалықтық референдумда қабылданған Конституцияда құқықтық мемлекетті нығайтуға, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге және кез келген құқық бұзушылыққа «мүлдем төзбеушілікті» орнықтыруға бағытталған «Заң мен тәртіп» үстемдігі негізгі қағидаттардың бірі ретінде көрініс тапқан. Заңнамалық деңгейдегі жаңалықтардың бірі – құқық бұзушылықтың алдын алу жұмысына барлық мемлекеттік органдарды, азаматтарды және жергілікті қоғам өкілдерін тарту. Бұл – баршамызға ортақ міндет, – деді Олжас Бектенов.

Премьер-министр атап өткендей, ведомствоаралық комиссияның алдағы жұмысы «Заң мен тәртіп» конституциялық қағидатын жүзеге асыруға және берік орнықтыруға бағытталмақ.

Мемлекет басшысының тапсырмасымен әзірленген Қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету тұжырымдамасын қоғаммен серіктестікте жүзеге асыру барысы туралы Ішкі істер министрі Ержан Саденов баяндады. Премьер-министрдің орынбасары – Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева, Премьер-министрдің орынбасары – Жасанды интеллект және цифрлық даму министрі Жаслан Мәдиев, Қаржы министрі Мәди Такиев, сондай-ақ Астана қаласы, Жамбыл және Ақтөбе облыстарының әкімдері сөз сөйледі.

Тұжырымдама мемлекеттік органдар мен азаматтық қоғам институттарының құқық бұзушылықтардың алдын алудың тұтас жүйесін қалыптастырудағы күш-жігерін шоғырландыруға бағытталған. Оның негізгі элементтері – ерте ескерту, ведомствоаралық өзара іс-қимыл және қауіпсіздік инфрақұрылымын дамыту. Тиісті іс-қимыл жоспары шеңберінде бірқатар шара қабылданды:

– Биыл 2 наурыздан бастап «Құқық бұзушылық профилактикасы туралы» жаңа заң күшіне енді;

– Интернет-алаяқтыққа қарсы іс-қимыл мақсатында ұялы байланыс абоненттерін биометриялық сәйкестендіру енгізілді, сондай-ақ БҰҰ-ның Киберқылмысқа қарсы іс-қимыл жөніндегі конвенциясына қол қойылды;

– Тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл жоспары және агрессорларға психологиялық көмек көрсету ережелері бекітілді. Ал өткен жылы 1 мыңға жуық азаматқа психологиялық түзету тағайындалды;

– Сталкинг пен некеге мәжбүрлегені үшін қылмыстық жауапкершілік енгізілді;

– Электрондық білезіктерді қолдана отырып, бұрын сотталған адамдардың мінез-құлқына бақылауды күшейту жолымен рецидивтік қылмыстың алдын алу шаралары жүзеге асырылды.

ІІМ мәліметі бойынша жаңа форматтарды енгізу және заңнаманы жетілдіру Қазақстанда қылмыс деңгейінің өткен жылы 6%-ға, осы жылдың 1 тоқсанында 9%-ға төмендеуіне ықпал етті. Сонымен қатар Ішкі істер министрі Ержан Саденов Ақтөбе, Атырау, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қызылорда, Маңғыстау және Абай облыстары әкімдіктері тарапынан шараларды күшейтуді талап ететін бірқатар мәселеге тоқталды. Атап айтқанда, полиция пункттерінің құрылысын салу және реконструкциялау, жол қозғалысы ережесін бұзу деректерін тіркеудің автоматты жүйелерін орнату, байланыс инфрақұрылымын дамыту туралы айтты.



Премьер-министр жекелеген өңірлерде полицияны жабдықтандыру бойынша шаралар орындалмай отырғанына назар аудартты. Әкімдіктерге тұжырымдама жоспарының орындалуына жан-жақты талдау жүргізіп, биыл оларды жүзеге асыру тапсырылды.

Құқықтық оқу-ағарту бойынша қабылданып жатқан шаралар туралы Премьер-министрдің орынбасары – Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева баяндады. Ақпарат жұмыстары заңнама нормаларын түсіндіру, құқық бұзушылықтардың алдын алу, алаяқтық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес сияқты бағыттар бойынша жүргізілуде.

Олжас Бектенов құқықтық оқу-ағарту мәселесінде оң динамика бар екенін атап өтіп, Мәдениет және ақпарат министрлігіне мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп, оны одан әрі дамытуды, соның ішінде мақсатты топтармен атаулы жұмыс арқылы және халықпен өзара іс-қимылдың өзекті құралдарын пайдалану арқылы жүзеге асыруды тапсырды.

Премьер-министрдің орынбасары – Жасанды интеллект және цифрлық даму министрі Жаслан Мәдиев азаматтардың дербес деректерін қорғау бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы баяндады. Оның айтуынша, Қазақстанда киберқылмысқа қарсы іс-қимыл мақсатында ақпарат қауіпсіздігі саласындағы айыппұл көлемі 100-ден 1000 АЕК-ке дейін және дербес деректерді қорғау саласында 1000-нан 2000 АЕК-ке дейін ұлғайған. Қолжетімділігі шектеулі дербес деректермен жұмыс істейтін операторлары үшін биометриялық аутентификация енгізілген. Одан бөлек, рұқсат етілмеген трафикті (фродты) өткізуге жол бермеу, байланыс операторларында антифрод-орталықтардың міндетті түрде болуы және Ұлттық банктің антифрод-орталығымен интеграциялануы бойынша талаптар енгізілді. Сондай-ақ SIM-карталарды әкелу мен тіркеуді реттеу және басқа да бірқатар шара енгізілді.

– Киберқылмыскерлер заманауи цифрлық технологияларды жеделірек пайдаланып келеді. Сондықтан интернет-алаяқтыққа қарсы іс-қимыл бойынша анағұрлым тиімді шаралар қажет. Осыған байланысты Ішкі істер министрлігіне мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп, алаяқтық транзакцияларды бұғаттау, сондай-ақ мемлекеттік органдар мен банктер арасында деректер алмасу, жалған call-орталықтарды анықтау тетіктері бойынша қосымша ұсыныстар енгізуді тапсырамын. «Цифрлық полицей» жобасын енгізуді жеделдетіп, киберволонтерлік практиканы және кадрлар даярлауды кеңейту қажет, – деп атап өтті Премьер-министр.

Сондай-ақ «Европа Кеңесінің Компьютерлік қылмыстар туралы конвенциясын ратификациялау туралы» заң жобасын келісу жұмысын қысқа мерзімде аяқтау тапсырылды. Жергілікті атқарушы органдардың бұрын сотталған адамдарды қайта әлеуметтендіру бойынша жүргізіп жатқан жұмыстары қаралды. Премьер-министр алдағы рақымшылыққа байланысты осы бағытта бірқатар тапсырма берді.

КӨЛІК ЖҮЙЕСІ ҚАЛАЙ ДАМИДЫ?

Премьер-министр Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен ведомствоаралық комиссия отырысында Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек елорданың көлік жүйесін дамыту және құқық бұзушылықтардың алдын алу бойынша жасалып жатқан жұмыстарды баяндады.



«Көлік жағдайын жақсарту және қауіпсіздікті арттыру мақсатында көлік жүйесін дамытудың кешенді бағдарламасы жүзеге асырылуда. Автотұрақ кеңістігін, көлік ағынын, бағдаршамдық реттеуді, эвакуациялауды, көліктік жоспарлауды және жазатайым оқиғалар санын азайту жөніндегі өзге де шараларды үйлестіру үшін жол қозғалысын ұйымдастыру орталығы – Бірыңғай оператор құрылды. Орталық интеллектуалды көлік жүйесімен (ITS) жол қозғалысын басқаруды қамтамасыз етеді. Бүгінгі таңда 818 бағдаршамның 582-сі бейімделген. Биыл бейімдеу толығымен аяқталады деп жоспарлануда» деді Жеңіс Қасымбек.

Сонымен қатар елордада жаңа бағдаршамдар орнату жұмысы жалғасуда. Presight AI Ltd компаниясымен бірлесіп, бейнебақылау инфрақұрылымы жаңғыртылуда. Биыл 1200 жол ережесін бұзуды есепке алу жүйесін пайдалануға мүкіндік беретін Smart City жобасы іске қосылды. 60 мыңнан астам камера Бірыңғай ахуал орталығымен бірігеді.

Әкімнің мәліметіне сәйкес, қаладағы бейнебақылау камераларының саны 1 жылда 2 есеге артып, 60 мыңға жетті. Жаңғырту нәтижесінде автоматты түрде тіркелетін бұзушылықтар саны 4-тен 15-ке дейін артады, сондай-ақ жасанды интеллект негізінде бейнеталдаудың 35 түрі енгізіледі деп күтілуде. Бұл елордадағы жол-көлік оқиғалары санын азайтуға мүмкіндік бермек.



СПОРТ МЕКТЕБІ ЖАҒДАЙЫМЕН ТАНЫСТЫ

Астана қаласы мәслихатының депутаттары №1 олимпиадалық резервтегі мамандандырылған балалар-жасөспірімдер спорт мектебіне барды. Сапар барысында олар спорт мектебіне салынып жатқан қосымша ғимараттың құрылыс барысымен танысты.

Қалалық мәслихаттың төрағасы Табиғат Зейнұлқабденнің мәліметінше, қазіргі таңда жұмыстар белгіленген кестеден кешігіп жүргізілуде. Мердігермен өткен кездесу барысында кешігудің себебі, құрылыс қарқыны және жұмысты жеделдету жолы жан-жақты талқыланды. Нәтижесінде нысанды пайдалануға беру мерзімі жаңарды. Мәслихат келесі айда қайта келіп, құрылыс барысын бақылап, атқарылған жұмыстың қарқынын көреді. Сонымен қатар депутаттар жас спортшылар жаттығып жүрген жағдаймен танысты. Жаттықтырушылар құрамымен әңгімелесу барысында мектепке спорт құрал-жабдықтары мен жаттығу құрылғыларын жаңарту, сондай-ақ материалдық-техникалық базаны одан әрі нығайту қажеттігі атап өтілді.

– Мұндай нысандар болашақ чемпиондарды даярлауда маңызды рөл атқарады. Сондықтан құрылысты белгіленген мерзімде аяқтап қана қоймай, жаттығу процесіне лайықты жағдай жасау аса маңызды. Мектепті жаңғырту және жабдықтау мәселесі алдағы уақытта да назарда болады, – дейді Табиғат Зейнұлқабден.

АЗЫҚ-ТҮЛІК БАҒАСЫНА БАҚЫЛАУ КҮШЕЙДІ

Елордада әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасына бақылау күшейді. Ел өңірлерімен қатар, елордада да арнайы мониторинг топтары жұмысын бастады. Олардың басты міндеті – әлеуметтік маңызы бар өнімдер бағасының негізсіз өсуіне жол бермеу.



Мониторинг тобының құрамына сауда департаменті, әкімдік, мемлекеттік кірістер органдары және санитария-эпидемиология қызметінің өкілдері енген. Азық-түлік бағасын қаладағы ірі сауда нысандарында комиссиямен бірге Астана қаласы Инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасы басшысының орынбасары Мақсат Жанабаев тексерді. Басты мақсат – әлеуметтік маңызы бар азық-түлік бағасының негізсіз қымбаттауына жол бермеу және тиімсіз делдалдық схемаларды анықтау. Мұндай тексерістер тұрақты түрде жүргізіліп, астаналықтар үшін азық-түлік қолжетімділігін қамтамасыз етуге бағытталған.

– Өңірлік комиссия мүшелерімен бірге қаланың ірі базарларын аралап шықтық. Негізгі міндет – әлеуметтік маңызы бар тауарлар бағасына мониторинг жүргізу және делдалдық схемаларды анықтау. Қазіргі таңда түсіндіру жұмысы жүргізіліп, ет өнімдеріне – сиыр, жылқы және қой етіне баға бақылауы қойылды, – деді Мақсат Жанабаев.

ЗАМАНАУИ ОРТАЛЫҚ АШЫЛАДЫ

Бас қалада «Жәрдем» әлеуметтік қызмет көрсету орталығы ашылады. Аталған орталық мамыр айында пайдалануға беріледі. Жалпы аумағы 6161 шаршы метр болатын жаңа ғимарат Сарайшық ауданында орналасқан. Ол әлеуметтік қолдау бағдарламасын іске асыру аясында жүзеге асып отыр.

Асантемір ҚАРШЫҒАҰЛЫ

Орталық 18 жастан асқан, психоневрология аурулары бар, әрекетке қабілетсіздігі белгіленген мүгедектігі бар адамдарға арнайы әлеуметтік қызметтер көрсетуге арналған. Мақсат – қызмет алушыларды жан-жақты қолдау және қоғамға бейімдеу.

– Нысанда қызмет алушылардың өмір сүру сапасын жақсартуға, өзін-өзі күту дағдысын дамытуға, физикалық және психоэмоционалдық жағдайын қолдауға бағытталған кешенді көмек көрсетіледі. Қызметтер жеке қажеттіліктерді ескере отырып ұсынылады. Атап айтқанда, әлеумет, тұрмыс, медицина, психология, педагогика, еңбек, мәдениет, экономика және құқық бағытындағы көмекті қамтиды, – деді «Жәрдем» әлеуметтік қызмет көрсету орталығының директоры Азамат Оспанов.





ИММУНДАУ АПТАЛЫҒЫ БАСТАЛДЫ

19-25 сәуір аралығында әлемде Еуропалық иммундау апталығы өтіп жатыр. Биылғы шараның ұраны – «Вакциналар әрбір ұрпаққа пайдалы». Осыған орай Астана қаласының әкімдігі мен Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының Қазақстандағы өкілдігі бірлесіп, тұрғындардың ақпараттандырылуын арттыруға және вакцинацияға деген сенімді нығайтуға бағытталған кешенді іс-шараларды қолға алды.



Вакцинация тек медициналық шара ғана емес, ол – балалардың дені сау болып өсуіне, ересектердің белсенді ұмыр кешуіне және егде жастағы адамдардың қауіпсіз әрі ұзақ өмір сүруіне ықпал ететін маңызды қадам.

Апталық аясында елордадағы медицина ұйымдары мен қоғамдық орындарда түсіндіру мақсатында кездесулер өтіп, тұрғындар вакцинацияға қатысты сұрақтарына жауап ала алады. Сонымен қатар фото және арт-көрмелер ұйымдастырылып, денсаулық сақтау саласы мамандарының бейнеүндеуі ұсынылады. Іс-шараға Еуропа Одағының елшілері де қатысады, ол бастаманың халықаралық маңызын және қоғамдық денсаулықты нығайтудағы рөлін көрсетеді.

Алғашқы іс-шараның бірі №2 қалалық емханада өтіп, ата-аналарының рұқсатымен 11 жасқа толған қыз балаларға адам папиллома вирусына қарсы екпе салынды.

– Адам папиллома вирусына қарсы вакциналау көптеген мемлекетте бұрыннан жүргізіледі, ал біздің елімізде 2024 жылдан бастап екпе күнтізбесіне енді. Бұл екпе болашақта жатыр мойны обыры ауруынан қорғайды. Негізінен, ата-анасының рұқсатымен екпе 11-15 жас аралығындағы қыз балаларға егіледі. Біздің емхана бойынша елордадағы 8 мектептен 518 қызға вакцинация жүргізу жоспарланып отыр. Оның ішінде 4 айда 172 қыз бала екпе алды. Поствакцина кезеңінде медицина қызметкерлері екпе алған балалардың жағдайын тексереді. Осыған дейін ешқандай кері әсер болған жоқ. Екпе әр қыз баланың жасы 11-ге толғанда салынады, бұл процедура жыл бойы жалғасады, – деді педиатр-дәрігер Анар Жаппарова.

Ал аталған емхананың балалар гинекологы Наталья Мунько АПВ-ға қарсы вакцинацияның маңызына тоқталды.

№46 (4944) 21/04/2026 Сейсенбі





40 МЫҢ АДАМ ҚАТЫСТЫ



Жалпыұлттық бастама аясында елорда аумағын санитарлық тазарту мен абаттандыруға барлық ауданнан 40 мыңға жуық адам жиналды.

Қала тұрғындары, мәдениет қайраткерлері, қаржы секторының өкілдері, құрылыс компаниялары, қоғам белсенділері, кәсіпорын қызметкерлері, МИБ/ПИК бірлестіктері, шағын және орта бизнес, еріктілер, студенттер және белсенді азаматтар атсалысқан бұл жұмысқа 900-ден астам арнайы техника жұмылдырылды. Акция барысында санитарлық тазалау, абаттандыру және көгалдандыру жұмысы жүргізілді. Қатысушылар аулаларды, көшелерді, саябақтар мен қоғамдық кеңістіктерді ретке келтірді. Ауқымды іс-шара нәтижесінде 1560 аула тазартылды. Оның ішінде көпқабатты тұрғын үйлер мен жеке сектор аулалары бар. Сонымен қатар 491 аялдама павильоны жуылып, қала аумағынан шамамен 100 тонна қоқыс шығарылды.

ТЕМІРЖОЛШЫЛАР БЕЛСЕНДІЛІК ТАНЫТТЫ

«Нұрлы жол» вокзалы мен Астана қаласы Сарайшық аудандық полиция басқармасының қызметкерлері ауқымды тазалық жұмысына белсенді қатысты.

Акция барысында ҚТЖ мен полицияның 150-ден астам қызметкері вокзал аумағын тазалап, абаттандыру және көгалдандыру жұмысын жүргізді.

– Вокзал – жолаушыларға қызмет көрсететін нысан ғана емес, сонымен қатар қала экологиясына әсер ететін маңызды орта. «Қазақстан темір жолы» ұжымы «Таза Қазақстан» бастамасын толық қолдайды. Қызметкерлеріміз теміржол аумағын күтіп ұстауға, көгалдандыру жұмысына және қоршаған ортаны қорғауға белсенді қатысуда. Біз әрбір азаматты табиғатты аялауға, тазалықты сақтауға шақырамыз. Өйткені таза орта – баршамыздың ортақ жауапкершілігіміз, – деді «Нұрлы жол» вокзалының бас инженері Ермахан Байдәулетов.

Сонымен қатар ҚТЖ қызметкері Анар Мұхамәдиқызы акцияның тәрбиелік мәніне тоқталды.

– Осы бір бастамаға қатысуды үлкен жауапкершілік деп санаймын. Бұл акция бізге тек айналаны тазалау ғана емес, табиғатқа деген көзқарасымызды өзгертуге мүмкіндік береді. Әрбір тазаланған аумақ пен отырғызылған ағаш – болашақ ұрпаққа жасалған қамқорлық. Күнделікті жұмысымызда да тазалық пен тәртіпті сақтауға мән береміз, – деді ол.



ӘКЕЛЕР ОДАҒЫНЫҢ ҰРПАҚҚА ӨНЕГЕСІ

Елордадағы Кенен Әзірбаев көшесіндегі гүлзарда, осы көше мен Шәмші Қалдаяқов көшесінің қиылысында «Таза Қазақстан» республикалық экология акциясы және «Таза қала» жобасы аясында сенбілік өтті.



Аманғали ҚАЛЖАНОВ

Іс-шараға Парламент Мәжілісінің депутаты Асхат Аймағамбетов, Астана қаласы әкімінің орынбасары Есет Байкен, мемлекеттік органдардың қызметкерлері, Астана қаласы Әкелер одағының мүшелері, Сарайшық ауданындағы педагогика ұйымдарының қызметкерлері – барлығы 250-ден астам адам қатысты. Сенбілікке балалар да атсалысып, Теміртөс атты робот-иттің өнерін тамашалап, мәз-мейрам болды.

– Қалалық Білім басқармасы, Сарайшық ауданының әкімдігі, Әкелер одағы бірлесіп, барлығы өте жақсы шараны өткізіп жатыр. Мұның бір ерекшелігі бұл бюрократиялық тәсілмен ұйымдастырылған шара емес. Бұл жерде Астанада жақсы көрініс тауып келе жатқан Әкелер одағының жұмысы бар. Өздеріңіз де көріп отырсыздар, олар сенбінің таңында балалармен жиналып, жұмыс істеп жатыр. Бұл – қала әкімдігі, Білім басқармасы мен мемлекеттік емес ұйымның жақсы бір симбиозы. Осында бала тәрбиесіндегі әкелер рөлін, жалпы қарым-қатынасты нығайту жақсы көрініп отыр. «Әке көрген оқ жонар» дейді, сондықтан әкелер мен балалардың бірге ағаш отырғызуының символдық мағынасы бар деп ойлаймын. Жалпы Мемлекет басшысының бастамасымен қолға алынған «Таза Қазақстан» акциясы – ерекше акция. Мұны біз тек қана көше тазалығы ретінде тікелей мағынада қабылдамауымыз керек, тазалық деген – бұл сананың тазалығы, ерекше экология мәдениеті, Отанымызды сүю, тұрып жатқан аулаңды жақсы көріп, таза ұстау мағынасында қабылдауымыз керек. Өзіңнің қалаңа деген ерекше құрмет, барлық құндылық «Таза Қазақстан» ұғымына сияды деп ойлаймын, – деді Мәжіліс депутаты Асхат Аймағамбетов.

Сенбілік аясында 100-ден астам ағаш отырғызылып, іргелес аумақтар тазартылды, ағаштар әктеліп, «көше жиһаздары» боялды.

– Бұл іс-шара Астана қаласы Әкелер одағының бастамасымен ұйымдастырылды. Елордадағы әкелер өздерінің балаларымен бірге Мемлекет басшысының бастамасымен жүріп жатқан «Таза Қазақстан» акциясын қолдап, Сарайшық ауданындағы жаңа саябақта ағаш отырғызу, осы саябақты абаттандыру, тазалау жұмысына қатысуда. Мұндағы негізгі мақсат – «Таза Қазақстан» акциясын бір реттік сенбілік ретінде ғана өткізбей, ұрпағымыздың, балаларымыздың бойында тазалық мәдениетін, рухани мәдениетті, тәртіп мәдениетін қалыптастыру, еліңе, жеріңе деген сүйіспеншілікті сіңіру, оларға өнеге көрсету. Мұндай іс-шара бір ай бойы жалғасады, – деді Астана қаласы әкімінің орынбасары Есет Байкен.

Қазіргі таңда Сарайшық ауданының аумағында 75 мыңнан астам ағаш өсіп тұр. Сонымен қатар 20 мың текше метрді құрайтын «тірі қорған» жасақталған. Көгалданған аумақтың жалпы көлемі 2,5 миллион шаршы метрге жетеді.

– Сенбілік аясында 100 түп ағаш отырғызсақ, жыл соңына дейін ауданымызда 8 мыңнан астам ағаш отырғызу жоспарланып отыр. Бұл бастама өңірдің экология ахуалын жақсартып, жасыл желек қорын арттыруға үлкен үлес қосады. Көктемгі маусым басталғалы бері аудан аумағынан 4 мың тоннаға жуық заңсыз қоқыс үйіндісі шығарылды. Мұндай шаралар табиғат тазалығын сақтаумен қатар, тұрғындардың экология мәдениетін қалыптастыруға бағытталған. Аталған жұмыстардың барлығы өңірдің экология тұрақтылығын қамтамасыз етіп, тұрғындарға қолайлы әрі көрікті орта қалыптастыруға бағытталған, – деді Сарайшық ауданы әкімінің орынбасары Шұғыла Құдайберген.

БАНК ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ ҮЛЕСІ

Бас қаладағы Президент саябағы аумағында өткен ауқымды сенбілікке Halyk Bank қызметкерлері де атсалысты.

Ұйымдастырушылардың пікірінше, табиғатты қорғау – әр азаматтың ортақ міндеті. Осы ретте мұндай акциялар сол жауапкершілікті сезінуге жол ашады. Әсіресе ірі ұйымдардың бастаманы қолдауы қоғамға оң үлгі көрсетеді.

– Өткен аптадан бері елордада тазалық жұмысы қарқын алып, ауқымы күн санап кеңейіп келеді. Президент саябағындағы сенбілікке 350-ден астам адам жұмылып отыр. Бұл – «Таза Қазақстан» жалпыұлттық акциясын қолдауға бағытталған нақты қадам. Басты мақсат – Астана қаласының тазалығын сақтау ғана емес, тұрғындар үшін жайлы әрі көрікті орта қалыптастыру. Тазалық жұмысымыз Сығанақ көшесінен Тәуелсіздік даңғылына дейінгі аралықты қамтыды, – деді Астана қаласы Инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасының бас маманы Райымбек Нысанбаев.

Елімізде экология мәселелеріне деген қоғам назары айтарлықтай артып келеді. «Таза Қазақстан» акциясы осы бағыттағы ең ауқымды бастаманың бірі ретінде түрлі өңірде жүйелі түрде ұйымдастырылып жүр. Оған мемлекеттік мекемелермен қатар, жеке сектор өкілдері мен еріктілер де белсенді қатысуда.

– Біз үшін туған қаланың тазалығы – ортақ жауапкершілік. Сондықтан әрбір тұрғын бұл іске бейжай қарамауы тиіс. Тазалық тек айналамыздан ғана емес, ниетіміз бен ойымыздан да басталады. Осындай сенбіліктер – қоғамдағы бірлік пен жанашырлықтың айқын көрінісі. Өткен сенбілікте де, бұл жолы да қала тазалығын сақтауға баршамыз бір кісідей жұмылып отырмыз. Бұл – қоршаған ортаға деген құрметіміздің және келер ұрпақ алдындағы жауапкершілігіміздің нақты дәлелі, – деді Halyk Bank-тің Астана қалалық филиалының директоры Жанар Рахимова.



Дайындаған **Гүлбаршын ӨКЕШҚЫЗЫ**

№46 (4944) 21/04/2026 Сейсенбі

ДӘРІГЕР ҚАУЫМЫНА ТҮСІНДІРІЛДІ

«Заң мен тәртіп» қағидаты аясында Астана қаласы прокуратурасы, полиция департаменті және әкімдік бірлесіп, №4 қалалық емханада медициналық қызметкерлерге арналған түсіндіру жұмысын жүргізді.

Кездесуде нашақорлықтың алдын алу, сондай-ақ медицина қызметкерлері үшін еңбек заңнамасының нормаларын сақтау мәселелері түсіндірілді. Жыл басынан бері елордада есірткінің заңсыз айналымына қатысты шамамен 288 қылмыстық іс қозғалған. Сонымен қатар есірткі таратумен айналысқан адамдарға қатысты 95-тен астам іс тіркелген. Заңсыз айналымнан шамамен 42 келі есірткі тәркіленген.

Астана қаласы Полиция департаменті есірткі қылмыстарына қарсы іс-қимыл басқармасының бөлім басшысы Әлия Қибатқызының айтуынша, бұл құқықбұзушылықтарға көбіне жастар тартылады. Оның айтуынша, синтетикалық есірткілер аса қауіпті, себебі олар тез арада физикалық тәуелділік қалыптастырады. Мұндай заттар көбіне интернет және жасырын жарнамалар арқылы таратылады. Мамандардың мәліметінше, ұсталғандардың кейбірі тіпті есірткі таратқанын білмеген күйде қылмысқа араласып кеткен. Ал есірткі жасырушылардың «карьерасы» әдетте екі айдан аспайды.



Қылмыскерлер тыйым салынған заттарды тарату үшін түрлі тәсілдерді қолданады: граффити жазулар, QR-коды бар жарнамалар, парақшалар, штамптар және интернет-сайттар. Жыл басынан бері есірткі насихаттайтын 488-ден астам интернет-ресурс анықталған. Полиция есірткі қылмыстары ауыр және аса ауыр санатқа жататынын еске салды. Қылмыстық жауапкершілік 14 жастан бастап қарастырылады. ҚР Қылмыстық кодексінің 297-бабына сәйкес, есірткі құралдарын заңсыз сатып алу, сақтау, тасымалдау, жөнелту немесе сату 5 жылдан 8 жылға дейін бас бостандығынан айыру және мүлікті тәркілеу жазасын көздейді.

Құқық қорғаушылар азаматтарға есірткі сақтау немесе сату деректері белгілі болған жағдайда, сондай-ақ күдікті адамдар туралы ақпарат болса, полицияның сенім телефондарына хабарласуды ескертті. Қоңыраулар тәулік бойы 71-63-93 және 102 нөмірлері арқылы қабылданады. Сонымен қатар мамандар медицина қызметкерлерінің күнделікті жұмысы жоғары қауіп жағдайында өтетінін атап өтті. Оған мас немесе есірткілік мас күйдегі науқастарға бару сияқты жағдайлар да кіреді.

Жедел жәрдем қызметі мамандарының қауіпсіздігін арттыру мақсатында жаңа бақылау және қорғау шаралары енгізілуде. Барлық бригадада аудиомониторинг жүйесі орнатылған. Ол қызметкерлер арасындағы дауды азайтып, байланыс мәдениетін жақсартуға және заңдық қорғауды күшейтуге мүмкіндік береді. Еске салайық, Қазақстан Қылмыстық кодексіне медициналық қызметкерлер мен жедел жәрдем жүргізушілеріне қызмет барысында жасалған қорқыту және күш көрсету әрекеттері үшін жауапкершілік көздейтін 380-3-бап енгізілген.

ЖАСӨСПІРІМДЕР ТҮНДЕ НЕ ІСТЕП ЖҮР?

Астанада тәртіп сақшылары түнгі уақытта ересектердің қарауынсыз жүрген жасөспірімдерді анықтауға арналған рейд өткізді.



Іс-шара Сарыарқа ауданында «Заң мен тәртіп» қағидаты аясында ұйымдастырылды. Егер жасөспірімдер заңнаманы бұзса, ата-аналарына, не заңды өкілдеріне әкімшілік жауапкершілік қарастырылған.

– Бізде мұндай жедел іс-шаралар жиі ұйымдастырылып отырады. Құқықтық тәртіпті сақтау жедел іс-шарасы аясында сегіз кинорумды араладық. Кәмелетке толмағандарға түнгі сағат 22:00-ден кейін көңіл көтеруге арналған ойын-сауық нысандарында, компьютер клубтары мен кинорумдарда жүруге болмайды. Ал 23:00-ден таңғы сағат 06:00-ге дейін заңды өкілінсіз көшеде жүруге де рұқсат етілмейді, – деді Астана қаласы Сарыарқа ауданы полиция басқармасының қоғамдық қауіпсіздікті қадағалау және кәмелетке толмағандар істері жөніндегі инспекторы, полиция лейтенанты Шұғыла Аманқызы.

Ал Сарыарқа ауданы әкімдігі Ішкі саясат бөлімінің басшысы Дамир Хисматуллинның сөзінше, бұл бағыттағы жұмыстар үздіксіз жалғасып келеді.

«Сарыарқа ауданы әкімдігінің Жастар саясаты басқармасы аудандық полиция басқармасының қызметкерлерімен бірлесіп, профилактикалық рейд жүргізді. Оның мақсаты – заңды өкілінсіз ойын-сауық орындарында және көшеде жүрген кәмелетке толмаған азаматтарды анықтау. Жалпы, мұндай жұмыс күн сайын жүргізіледі. Сарыарқа ауданында жыл басынан бері 300-ден астам әкімшілік хаттама толтырылды. Түнде жүрген жасөспірімдердің заңды өкілдері әкімшілік жауапкершілікке тартылды» деді ол.

Сонымен бірге, мұндай рейдтерде түрлі жағдайлар орын алып жатады. Кей бозбалалар қашып кетуге тырысуы мүмкін. Ондай кезде «Полиция қызметкерінің заңды талабына бағынбау» бабы бойынша әкімшілік жауапкершілік қарастырылған.

АЛАЯҚТЫҚТЫҢ ЖАҢА ТҮРІНЕН САҚТАН!

Бас прокуратураның Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің Қоғамдық қауіпсіздік пен қылмыстық қауіп-қатерді болжау орталығы бұлттық сервистерді пайдаланушыларға бағытталған интернет-алаяқтықтың жаңа схемасы туралы ескертеді.

Шетелдік дереккөздердің мәліметтері бойынша (https://www.theguardian.com/money/2026/apr/12/apple-icloud-storage-scam-emails,https://lenta.ru/news/ 2026/04/13/apple-scam/,https://www.obozrevatel.com/ekonomika-glavnaya/ economy/moshenniki-atakuyut-vladeltsev-iphone-kak-dejstvuet-novayashema. htm) алаяқтар iPhone пайдаланушыларына iCloud бұлттық қойманың толып кеткені туралы жалған электрондық хаттар, SMS-хабарламалар және хабарландыруларды жаппай таратуда.

Хабарламаларда аккаунттың бұғатталатыны және фотосуреттер, бейнелер мен құжаттардың жойылуы мүмкін екені көрсетіледі. Бұл хабарламалар бұлттық платформаларды қоса алғанда танымал сервистердің, ресми ескертулерін толықтай қайталайды, бұл олардың шынайы екеніне сенім тудырып, пайдаланушыны әрекет жасауға итермелейді. Шұғылдық әсерін күшейту үшін пайдаланушыларға сілтеме арқылы өтіп, сақтау көлемін ұлғайту, төлем деректерін жаңарту немесе қолжетімділікті қалпына келтіру ұсынылады. Сілтемені басқан кезде ықтимал құрбандар түпнұсқа сервистерді көшіретін фишингтік сайтқа түседі, онда енгізілген логиндер, құпиясөздер және банк деректері кибер-қыл- мыскерлердің қолына түседі.



Осындай жолмен түрлі бұлтты сақтау сервистері (Google Drive, Mail.ru бұлты, Яндекс Диск және т.б.) туралы хабарламалар жіберілуі мүмкін. Қауіп-қатердің осы түрі тарала бастағанын ескере отырып, мыналар ұсынылады:

– SMS, электрондық пошта және мессенджерлердегі «шұғыл» хабарламалардағы сілтемелерге өтпеу;

– бұлттық қойманың жағдайын тек ресми қосымшалар немесе сайттар арқылы тексеру;

– бөгде парақшаларда логиндер, құпиясөздер және банк деректерін енгізбеу;

– барлық бұлттық және пошталық аккаунттарда екі факторлы аутентификацияны қосу;

– әртүрлі сервистер үшін бірегей және күрделі парольдерді пайдалану;

– бұзып кіру күдігі болған жағдайда дереу құпия сөзді ауыстырып, барлық белсенді сессияларды аяқтау қажет.

Сақ болыңыз: деректердің жойылуы немесе аккаунттың бұғатталуы туралы кез келген хабарламаны тек ресми сервистер арқылы тексеріңіз.

Астанада есірткі қылмысының алдын алуға бағытталған кезекті рейд өтті. Бұл жолы полиция қызметкерлерімен бірге ерікті жастар да көшеге шығып, қаладағы есірткі жарнамасы бар граффитилерді анықтап, жою жұмысын жүргізді. Іс-шара «Астана – есірткісіз қала» тұжырымдамасы және «Заң мен тәртіп» қағидаты аясында ұйымдастырылған.

ЕСІРТКІ ЖАРНАМАЛАРЫ ЖОЙЫЛДЫ

Оған Астана қаласы Полиция департаментінің Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасы, жергілікті полиция қызметі және «Астана жастары» қозғалысының еріктілері қатысты. Алдымен барлық жергілікті учаскелік



полиция өкілдері жиналып, өздеріне тиесілі аудан бойынша атқарылу керек жұмыс тәртібі туралы нұсқаулықты алды. Содан соң полиция мен ерікті жастар қала көшелерін аралап, есірткі жарнамасы бар орындарды анықтады. Қала көшелерін аралау барысында тұрғын үйлердің қабырғаларына, қоршауларға және қоғамдық орындарға жазылған есірткіге қатысты жарнамалар анықталып, сол жерде бірден өшірілді. Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасының жедел уәкілі, полиция капитаны Жандос Сейтеновтің айтуынша, бұл бағыттағы жұмыстар жүйелі түрде жүргізіліп келеді.

– Қазіргі таңда «Астана – есірткісіз қала» тұжырымдамасы мен «Заң мен тәртіп» жобасы аясында 2026-2028 жылдарға арналған кешенді жоспар жүзеге асырылуда. Осыған сәйкес біз жастар ұйымдарымен бірлесіп, қаладағы есірткіге қатысты граффитилерді анықтап, жою жұмыстарын тұрақты түрде жүргіземіз, – деді ол.

Оның сөзінше, мұндай заңсыз жазбалар көбіне учаскелік полиция инспекторлары мен жедел уәкілдердің күнделікті жұмысы барысында анықталады. Сонымен қатар тұрғындардан келіп түсетін хабарламалар да маңызды рөл атқарады. Ал Байқоңыр ауданы полиция басқармасының учаскелік полиция инспекторы, полиция майоры Қуаныш Мирзаев рейдтің қалай өтетінін түсіндірді.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Астана қаласының сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасы» ММ Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 30.09.2020 жылғы № 505 бұйрығымен бекітілген қала құрылысы жобаларын әзірлеу, келісу және бекіту қағидаларының нормалары мен талаптарына сәйкес «Майлықожа көшелерінің қиылысы ауданында Бытығай тұйық көшесі мен Астана қаласындағы Болашақ көшесі егжей-тегжейлі жоспарлау жобасын» әзірлеу бойынша қоғамдық талқылаулар өткізілетіні туралы хабарлайды «Көпфункционалды сауда кешені» нысанын орналастыру бөлігінде.

Тапсырыс беруші «Астана Боттлерс» ЖШС.

Қоғамдық талқылаулар 2026 жылғы 13 мамырдағы сағат 10:00-де Республика даңғылы, 32, 1-қабат мекенжайында өтеді.

Дәлелді ескертулер мен ұсыныстар қоғамдық талқылаулар басталған күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде k.baigabylova@astana.kz электрондық мекенжайға немесе Астана қ., Ә.Мәмбетов к-сі, 24-үй мекенжайындағы ұсыныстар жәшігінде (холл) қолма-қол қабылданады.

№46 (4944) 21/04/2026 Сейсенбі

ҚАЗЫНАМЫЗДЫҢ ҚАЗАНЫН ЖАЛАҒАН ИТ



ЖИ көмегімен жасалды

2026 жылдың 8 сәуірінде ҚР Парламенті Мәжілісінің жалпы отырысында Мәжіліс «Жануарларға жауапкершілікпен қарау туралы» заңына енгізілетін түзетулерді қабылдады. Құжат осы саладағы заңнаманы жетілдіруге, азаматтардың қауіпсіздігін арттыруға және жануарларға ізгілікпен қарауға бағытталған. Яғни, қолданыстағы заң бойынша итті ұстап алып, стерилизациялап, вакцинациялап, күтіп-баптап, төбетін піштіріп, қаншығының жатырын алып тастап қайтадан босатып жібереді. Жаңа заң бойынша бұралқы итті ұстап алғасын 5 күннің ішінде иесі табылмаса, эвтаназиялық жолмен жояды. Бұл қоғамда қызу талқыланды. Бір топ жануарларға қатыгездік деп бағаласа, енді бір топ мұны дұрыс шешім деп қабылдады. Мейлі, қалай болмасын иесі бақпаған бұралқы итке мемлекеттің қазынасынан ақша бөліп бағу ақылға қонбайтыны анық.

Шапағат ӘБДІР

«Халықты жануарлардан келетін қауіптен қорғау үшін бюджеттен 2025 жылы 3 миллиард 19 миллион теңгеден астам қаражат бөлінген. Ал биыл бұл шығын 3 миллиард 215 миллион теңгеден асты. Жылдың алғашқы үш айында оның 163 миллион теңгесі игеріліп те қойды» дейді ҚР Парламент Мәжілісінің Әлеуметтік-мәдени даму комитетінің мүшесі Нартай Сәрсенғалиев.

Сонда шынымен де халқымыздың әлеуметтік жағдайынан бұрын қаңғыбас жануарларға кететін шығын әлдеқайда жоғары болғаны ма деп таңғалып отырсаңыз, ҚР Парламенті Мәжілісінің Әлеуметтік-мәдени даму комитетінің хатшысы Нұргүл Таудың пікірін оқып тіпті есіңізді жия алмайсыз.

«Ресми деректерге сәйкес, бір итті стерилизациялау құны – 24 010 теңге, кастрациялау – 17 244 теңге, вакцинациялау – 7 713 теңге, ал эвтаназия – 11 571 теңге. Иттерді тәуліктік күтіп-бағу құны 5 885 теңгені құрайды. Осылайша, бір итке жұмсалатын жалпы шығын орта есеппен 74 мың теңгеге жетеді. Мысықтар бойынша да осыған ұқсас: бір мысыққа кететін жалпы шығын шамамен 57 мың теңгені құрайды. Енді осы сандарды әлеуметтік саладағы нақты көрсеткіштермен салыстырып көрейік. 2026 жылы көпбалалы отбасыларға төленетін жәрдемақы мөлшері: төрт баласы бар отбасыға айына – 69 330 теңге, бес балалы отбасыға 86 673 теңге төленеді. Ал сегіз және одан да көп баласы бар отбасыларға әр балаға шамамен 17 000 теңгеден беріледі. Осылайша, бір жануарға бір реттік немесе қысқа мерзімді кезеңде 57 мыңнан 74 мың теңгеге дейін қаражат жұмсай отырып, әрбір балаға ай сайын небәрі шамамен 17 мың теңге көлемінде шектеліп отырмыз. Бұл – жай ғана сандар айырмашылығы емес, нақты статистика. Бұған қоса, мектептерде балаларды сапалы тамақпен толық қамтамасыз ете алмай отырмыз. Бір баланы тамақтандыруға күніне небәрі 460-780 теңге

ҚАЗАҚСТАНДА ЖЫЛ САЙЫН ОРТА ЕСЕППЕН 64 000-ҒА ЖУЫҚ АДАМДЫ ИТ ҚАБАДЫ. ӨЙТКЕНІ 2010-2015 ЖЫЛДАРЫ 5 ЖЫЛДЫҢ ІШІНДЕ ЖАЛПЫ 388 807 АДАМДЫ ИТ ҚАУЫПТЫ!?. ОНЫҢ ІШІНДЕ 95 185-І – БАЛАЛАР, 2015-2024 ЖЫЛДАРЫ ИТ ҚАБУДАН ҚҰТЫРУ КЕСЕЛІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ 25 АДАМ ҚАЙТЫС БОЛҒАН

аралығында қаражат бөлінеді. Мұндай жағдайлар демографиялық саясатқа да, адами капитал сапасына да тікелей әсер етеді» дейді депутат.

Сонда осы уақытқа дейін қазақтың әлеуметтік қажеттілігіне толық жетпей жатқан қаражат қаңғыбас иттерге жұмсалып келгені ме? Қанша айтқанмен де оның есебі болу керек қой. Өйткені бұл қаржы – мемлекетке аспаннан түскен ақша емес, бұл – сіз бен біздің маңдай термен төлеген салығымыздан жиналған қаражат емес пе еді? Егер заңға өзгеріс енгізілмегенде, сол миллиардтар тағы да итке жұмсала берер ме еді?

«Жылына 50 мың адамды ит қабады… кісі өлімі де болады. 10 жылда ит қабудан құтыру кеселін жұқтырған 25 адам қайтыс болған. Мектептегі баланың тамағына күніне 500 теңге бөлінсе, әр иттің бір күніне 5500 теңге, яғни 11 есе көп төленеді… Сонда бір итке күн сайын 5500 теңгедей төленсе, одан бөлек әр итке айына кемінде 18 мың теңгедей тағы бөлінеді. Сонда 1 итке айына шамамен 183 мың теңге төлейді. Оны 500 итке көбейтсеңіз, ай сайын 91 миллион 500 мың теңге болады. Ал бұл миллиондарды жылына 12 айға көбейтсеңіз, алапат қаржы 1 млрд 98 млн теңге шығады.

Ғылыми зерттеулер бойынша:

– Қазақстанда жыл сайын орта есеппен 64 000-ға жуық адамды ит қабады.

Өйткені 2010-2015 жылдары 5 жылдың ішінде жалпы 388 807 адамды ит қауыпты!?. Оның ішінде 95 185-і – балалар, 2015-2024 жылдары ит қабудан құтыру кеселіне байланысты 25 адам қайтыс болған. 2023-2024 жылдары ит шабуылынан кемінде 2 адам қайтыс болған. 2023 жылдың алғашқы 6 айында 3 бала қайтыс болған.

Әкімдіктердің мәліметтері бойынша, адамдарды жаралау оқиғаларының 65%-ы – қаңғыбас иттердің шабуылы. Соған сәйкес ит қауып, жараланғандар саны да көбейіп кеткен. Ит қапқаннан құтырма ауруына шалынғандардың қайтыс болып жатқандарын да жоғарыда айттық. Мысалы, Кеңес Одағы кезінде 10 жылға созылған Ауған соғысында қазақстандықтардан жараланғандар 1 мыңдай болса, қазір ит қауып, жараланғандар саны біздің елде 10 жыл емес, бір жылдың өзінде 64 есе көп» дейді ақын, ҚР Парламенті Мәжілісі депутаты Қазыбек Жарылқасынұлы.

Ресми деректер бойынша елімізде 2022 жылы 247 мың ит ұсталыпты. Бұдан да сорақысы Денсаулық сақтау министрлігінің деректеріне сүйенсек, 2022 жылы бұралқы иттердің адамдарды қапқан жағдайы 22 мың рет тіркелген болса, 2023 жылы бұл көрсеткіш бір жылдың ішінде екі еседен де көбейіп, жараланғандар саны 50 мыңға жеткен! Мысалы, Түркістан облысының өзінде 2023 жылы 51 794 иесіз ит ұсталса, 2022 жылы Шымкент қаласында 40 мың иесіз ит ұсталған. Жылына ит қапқан адамдар саны 4 мыңнан асып кеткен. Ал жеке панажайға Астанада 4 жылда 400 млн теңге ақша бөлінген.

МЕКТЕПТЕГІ БАЛАНЫҢ ТАМАҒЫНА КҮНІНЕ 500 ТЕҢГЕ БӨЛІНСЕ, ӘР ИТТІҢ БІР КҮНІНЕ 5500 ТЕҢГЕ, ЯҒНИ 11 ЕСЕ КӨП ТӨЛЕНЕДІ… СОНДА БІР ИТКЕ КҮН САЙЫН 5500 ТЕҢГЕДЕЙ ТӨЛЕНСЕ, ОДАН БӨЛЕК ӘР ИТКЕ АЙЫНА КЕМІНДЕ 18 МЫҢ ТЕҢГЕДЕЙ ТАҒЫ БӨЛІНЕДІ. СОНДА 1 ИТКЕ АЙЫНА ШАМАМЕН 183 МЫҢ ТЕҢГЕ ТӨЛЕЙДІ

Қазақ итті жеті қазынаның біріне балағаны рас. Бірақ сол жеті қазынаның бірі – кез келген ит емес, қазақтың тазысы еді ғой. Яғни халқымыз итті қастерлегенде оның қасиетін, пайдасын, тегін бағалаған. Алайда «қазынам» екен деп, қазанын жалатып, адамнан артық жағдай жасап көрген емес. Сондықтан бүгінгі ит мәселесінде асыраушы ит пен қаңғыбас иттің ара-жігін ажырата білу өте маңызды сияқты бізше де.

Әрине, жануарларға жауығып, оларды жаппай қыру керек деген көзқарасты қолдауға болмайды. Бұл адамгершілікке де, өркениетті қоғам қағидатына да жат. Бірақ қазір қоғамда басқа бір шектен шығу байқалады: айналамызда ит жетектеген адамдар көбейді, алайда олардың бәрі ит ұстау мәдениетін сақтап жүр деу қиын. Кейбірі қандай ит асырап жүргенін де, оны қалай күту керегін де ескермейді. Егер ұлттық құндылықтың белгісіндей тазы ұстаса, бірсәрі. Ал кейбіреулер бұралқы иттерді асырап алып, оларды адамдар көп жүретін аулаларда, балалар ойнайтын алаңдарда серуендетеді. Мұндай кезде санитарлық талаптар да, айналадағы адамдардың жайлылығы да ескерілмейді. Ит серуендеген жерге балалар ойнап жүреді, тұрғындар жүреді. Сондықтан қоғамдық ортақ кеңістікті жеке біреудің жануарын еркін серуендететін алаңына айналдыру дұрыс емес. Сондықтан ит асырайтын адамдарға да белгілі бір талап пен шектеу болуы керек. Ит ұстау – жеке еркіндік болғанымен, ол қоғамдық жауапкершілікпен қатар жүруі тиіс. Бір-екі адамның итке әуестігі үшін бүкіл қоғам сол иттің жағдайына бейімделуге міндетті емес қой. Сондықтан жануарға жанашыр болу мен адам мүддесін екінші орынға ысыру екі бөлек нәрсе екенін ұғынған абзал.

ӘКЕНІҢ ОРНЫ ЕРЕКШЕ

Айгүл УАЙС

Сөзді әріден бастасақ, бүгінгі ерке қыздың ерсі қылықтары әкесінің үйінен асып, «көшеге» шығып кетті деуге болады. Егер қыз-бозбала бақта қар атысып ойнап жатса, қыстың қызығы әрі заманы бір құрбылардың жарасымды қылығы деп қоя саламыз. Кейде осы еркіндік шегіне жетіп, қатар келе жатқан ұл мен қыз ойнап болса да тебісіп қалғанын көргенде ерсі көреміз. Бүгінгі қыздардың көбінен қазір иба кеткен, жігітке қол көтеруден тартынбайды. Көшеде келе жатып, жігітті желкесінен нұқып, не арқасынан салып қалса, жігіттер де «қыңқ» демейді. Өйткені оның ырымға жаман ерсі қылық және тыйым екенін жете түсінбейді. Қателік кімнен кетті? Заман ба, қағынған бала ма әлде қызын бетімен жіберген ұясы ма?

Баланың тәрбиесіндегі әкенің орны бөлек. Әкенің сұсы қалмады деп бұрын да жазғанбыз. Оны қайталап қайтейін. Бірақ неліктен сұсы кетті деген сұрақтың жауабын іздеп көрейік.

Әкенің сұсы дегеніміз – оның отбасындағы шексіз билігі мен сөзсіз беделі. Шексіз билік үлкен жауапкершіліктен туындайды. Бұл отбасыларда әке мен ананың орны мен атқаратын міндеті айқындалған. Әке – асыраушы, биік қорғаны және әділетті басқарушы болып саналады. Ана – әкенің беделін сақтаушы, жарының сөзін емеурінінен түсініп, қабағынан танып, түтіннің түзу шығуына жауапты. Қазіргі менталитетке салсақ, әкенің бақылауын қаттылыққа салып және олардың бостандығына шектеу деп байбалам салуы мүмкін. Бірақ балаға ата-анасына артық жақыны мен жанашыры кім?

Алайда қоғамдағы өзгерістер, еуропалық үлгілер әкенің бала алдындағы рөлін шайқап жіберді. Көбіне отбасында мал тауып жүргеннің беделі үстемдік алады. Қазақтың еркегі бұрыннан балажан, оны жоққа шығармаймыз. Алайда бұрынғы балажандық отбасының бақуаттылы, тәрбиенің түзулігінен анықталушы еді. Қазіргі әке ананың міндетіне араласып, «қарағым», «қалқам», «қызым» демейді, «доча» деп есіртеді. Төбесінде секіртеді. Қызының шалкес мінезін елемей, шолжаңдығын еркелікке сайып, тіпті тәлпішке айналдырып жүр. Кісіден именуді білмеген, ер азаматқа тік қарайтын қыз бала өсе келе сол мінезімен азаматтың бағасын төмендетеді. Өз дегені болмаса, әкесіндей есіртпесе, дүние қараң. Алайда бұл әкеден кеткен қателік болса, екінші жағынан әкесіз өскен баланың шарасыздығын да ескерген жөн.

Рас, әке – қыздың өмірінде пайда болатын алғашқы ер адам. Бірақ баласы арқа тұтқан әкенің де қадір-қасиеті кеміп барады. Толық емес отбасылар саны артып келеді. Ол жерде әкенің орны туралы айта алмаймыз, қыз бала әкенің көлеңкесін көре алмаған соң, байғұс бала өзіне ғана сенеді.

Сонымен қатар, соңғы кезде бала күтіміне жиі араласатын еркектер жетіп артылады. Бұл құбылыстың үрдіс алғаны соншама бала емізбегеннің бәрі әкесі міндетіне алатын болды. Ер адамдар балаларды тәрбиелеуге көбірек араласып, тіпті жаңа туған нәрестелердің күтімін де мойнына ала бастады. Бұл да дұрыс шығар, бірақ үлгілі әкенің жауапкершілігі жаялық жуумен бітпейді. Нағыз әке қамқорын қажет ететін маңызды белестер есейе келе алдынан шығады. Сол кезде жанұяға жайлы қолбала емес, кесіп сөйлейтін, бір шешімді күшті әке қажет болады.

Ана қызына отбасында өнеге, ал әке баланың болашағын бекітеді, сыртқы әлеммен байланысын, сол ортада өз жолын табуға үйретеді. Балалар аналарынан мейірімділік, нәзіктік, сезімталдық сияқты ішкі дүниесінің байлағын алса, әкелерінен батылдық, ерік-жігер және күресу және жеңіске жету қабілетін алуы тиіс. Күнделікті тірлікте әкелер адамгершілік шарттарын қалыптастырады. Әрине, өз мінез-құлқы мен жеке үлгісі арқылы, өмірде болып жатқан оқиғалар мен әрекеттерге белгілі бір көзқарас біліре отырып, мінез-құлқының негізін қалайды. Осылайша, ата-аналар балаларын баулып, ұядан ұшқанда алып шығатын дүниесін қамқорлайды.

Әкенің жауапкершілігі отбасын қамтамасыз етуге жауапкершілікті, яғни асыраушы рөлін және шешім қабылдауға жауапкершілікті, яғни отбасы басшысы рөлін білдіреді. Жалғыз түйір ұл мен жалғыз түйір қыздың бетіне қарап, асты-үстіне түсіп «дочалап» есірген қызды тәрбиелеп, қоғам алдындағы, ұлт алдындағы бар жауапкершіліктен құтылуға болмайды.

Отбасындағы әкенің орнын, әке тәрбиесін, өнегесін ұлттық құндылық деп қабылдамайынша, қазақ отбасындағы өзгерістердің бәрі жақсылыққа алып келмеуі мүмкін. Қазақтың азаматы ұлы мен қызының болашағына жауапкершілік танытып, өз төріндегі орнын сайламаса, көшедегі көріп жүрген ерсі қылықтар өз үйімізде де орын алып, қайда қашып құтылары-мыздың білмей дал болуымыз әбден ықтимал.

№46 (4944) 21/04/2026 Сейсенбі

ЖАРАТЫЛЫСЫНА АҚЫНДЫҚ ҚАСИЕТ ДАРЫҒАН

«Мен өлең оқимын». Бұл – өткен жылдың аяғында «Әдебиет» порталы қолға алған жобаның атауы. Мақсаты – аймақтардағы ақындардың шығармашылығын насихаттау, оларды елге таныстыру. Батыс Қазақстан облысындағы Абылайхан Мақсұтовтан басталған жоба жалғасып, Ұлттық академиялық кітапханада Ұлытау облысынан елордаға келген ақын Жанат Әбдіғожиннің шығармашылық кеші өтті.



Аманғали ҚАЛЖАНОВ

Алдымен мәртебелі поэзияға кезек беріліп, одан соң кеш иесінің ұстазы ақын, жазушы, драматург, аудармашы, ғалым Кенжебай Ахметов Ұлытау-Жезқазған өңірінің ақындық мектебі туралы сөз сабақтай келе, сол өңірден шыққан ақындарды шыңдаған Сайлаухан Нәкеновті еске алды, оның тәлім-тәрбиесін көрген қазақтың қазіргі көрнекті ақындардың бірі де, бірегейі де, Абай атындағы Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Ғалым Жайлыбай, белгілі ақын, ғалым Ғазиз Ештанаев, Ұлытау топырағынан нәр алып, түлеген Қазақстанның Халық жазушысы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Жүрсін Ерман есімдерін атап өтті.

Тілектер легін баспагер Қуат Құрмансейіт, ақын Ықылас Ожайұлы, кеш иесінің туысқаны Рыскүл Саматова және осы жолдардың авторы жалғады. Жанат Әбдіғожин Жезқазғаннан жалғыз келмеді. Оның шашбауын әнші Ардақ Мұқышев, «Ұлар» әдеби клубының жетекшісі, ақын Абай Ораз, жас сыншы Бағлан Оразалы көтеріп келді. Бұл қатардағы әнші ән салды, ақын тілегін жеткізді. Кешті жүргізген талантты жас ақын Абзал Мақаш та ән әуелетті. Кеш соңында ұлытаулық ақындар Ардақ Мұқышев пен «Мен өлең оқимын» жобасының авторы Олжас Сәндібекұлына құрмет көрсетіп, қазақы дәстүрмен шапан кигізді. Шапанға «Ұлытау» деген жазуды зерлеген, жалпы осы сыйды әзірлеген Ұлытау облысынан шыққан тағы бір талантты ақын Ботагөз Мұхиден де кешке қатысты. Олжас Сәндібекұлы да «Әдебиет» порталының атынан сый-сыйапат жасады.

Жанат Әбдіғожиннің «Қопа тоғай» атты жыр жинағы шыққан. Оның алғысөзін Кенжебай Ахметов жазды. «Жанат Әбдіғожин – жаратылысына ақындық қасиет дарыған дарынды жас. Ақындықтың қадір-қасиетін сезініп қана қоймай, мехнатты сәттері мен шуақты сәттерін де сан мәрте бастан өткеріп, терең сезініп келе жатқан жас. Ол өмірдің қызыл-жасыл бояуын қызықтап кетпей, ойлы көзбен қарайды, аңғарып, байқағандарынан өзіндік ой түйеді. Тізбелеп, тізбектеп кетпейді, танып-білгендерінің ішінен таңдап алады, талғам таразысынан өткізіп, екшеп ұсынады. Ұсынған дүниесіне әсіреқызыл бояу жақпай-ақ, оқырманын ойландырып қояды» дейді онда ақынның ұстазы.

Біз автордың өз аузынан өлеңдерін естіген соң, мынаны байқадық: Жанат Әбдіғожин – алысқа шабатын ақын екен. Баллада жазуға өте бейім. Жалпы оқиғалы өлеңдері баршылық. Белгілі бір адамның өмірі мен тағдырын, өткен оқиғаны жүрекпен қабылдап, қаламына арқау етеді. Лирикасы да жақсы. Осы жолдан, ізденістерінен жаңылмаса, біразға барады.

«Әдебиет» порталының «Мен өлең оқимын» жобасы әлі де жалғасады. Мамырда тараздық, маусымды торғайлық ақындар келеді деп жоспарланып отыр.



ТАЛАБЫ ТАУДАЙ ТАЛАПБЕК

Қалибек Қуанышбаев атындағы Қазақ ұлттық музыкалық драма театры сахнасында ақын Талапбек Тынысбекұлының «Жез бұйдалы жылдар» атты шығармашылық әдеби-сазды кеші өтті.

Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ

Кеште «Керқұлан», «Бұланай» жыр жинақтары мен «Жез бұйдалы жылдар» мақалалар жинағының тұсауы кесілді. Театр ұжымы ақын өлеңдерін оқып, оның сөзіне жазылған әндер шырқалды. Ақынның өзі де жырларын оқып, туған жер, Отан туралы өлеңдерімен көрермен көптің жүрек қылын тербеді. Ақынға құрмет ретінде достары темір тұлпар мінгізіп, қазақы дәстүрмен ат мінгізіп, атан жетектетті.

Талапбек Тынысбекұлы 1982 жылы арғы беттегі Алтайдың Қаба өңірінде дүниеге келген. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің филология факультетін бітірген. Әр жылдары білім, ғылым және мәдениет саласында қызмет атқарып, қоғамдық жұмыстарға белсене араласқан.

Оның шығармалары бірқатар ұжымдық жинақтарға енген. «Арғы жағы Ертістің, бергі жағы» жыр жинағының, «Ақ тулы Қожаберген батыр» мақалалар жинағының авторы.

Ақын жырларының өзегі – отаншылдық рух. Ол елдік сананы оятып, бірлік пен туған жерді қадірлеуге үндейді.



АЙЫМНЫҢ АЛТЫНЫ

Әлем чемпионы атанған елордалық таеквондошы Айым Серікбаеваны Астана әуежайында жанкүйерлері мен жақындары салтанатты түрде қарсы алды.

Ол Ташкентте өткен жастар арасындағы әлем чемпионатында топ жарып, Қазақстанға 20 жылдан кейін алтын медаль әкелді. Спортшымен бірге оның жеке бапкері Еркебұлан Ермекалиев пен жаттықтырушылар құрамы да елге оралды.

Жалпы 119 мемлекет қатысқан әлем чемпионатында Қазақстан құрамасы 1 алтын және 4 қола медаль жеңіп алып, жалпы есепте ТОП-10 қатарына енді.

Тарихи жеңіске жеткен спортшыны қалалық Дене шынықтыру және спорт басқармасының өкілдері, спорт ұйымдарының басшылары, жақындары мен достары, сондай-ақ БАҚ өкілдері ерекше ықыласпен қарсы алды.

«Әлем чемпионатына ұзақ уақыт бойы дайындалдым. Жеңіске жеткеніме қуаныштымын. Жартылай финал және финалдық жекпе-жектер өте тартысты өтті. Бапкерлерімнің кеңесіне алғысым шексіз. 2025 жылы жасөспірімдер арасында Азия чемпионы атанып едім. Биыл жастар арасында топ жарып жатырмын. Әлі тоқтамаймын. Бұйырса, күзде Сенегал еліндегі жасөспірімдер жазғы Олимпиадасына қатысуды көздеп отырмын» деді Айым Серікбаева.

Айым Серікбаева бұған дейін де халықаралық аренада жетістікке жеткен. 2025 жылдың қазан айында Бахрейнде өткен жазғы Жастар ойындарында ол «үздік спортшы» атанған болатын. Сондай-ақ спортшы Азия чемпионы және жастар арасындағы Азия ойындарының жеңімпазы ретінде танымал.

«Әлем чемпионатында 5 жүлдеден бөлек, 5 спортшымыз ширек финалда сүрініп, жүлдеге бір қадам жетпей қалды. Соның өзінде көрсеткіштерімізді жақсы деп санаймыз. Ал Айымға келетін болсақ, оның басты ерекшелігі – әлем чемпионатының алдындағы 3 оқу-жаттығу жиынында да барлық жаттығуға бейімделіп, тез қалпына келе алатындығы. Енді 2026 жылы жасөспірімдер арасындағы жазғы Олимпиаданы күтеміз. Қазіргі сәтте квота мәселесі әлі толыққанды шешілген жоқ» дейді жастар құрамасының аға жаттықтырушысы Айтжан Алдабеков.

АРДАГЕР СПОРТШЫЛАР ЖЕҢІСІ

Астанада волейболдан ардагерлер арасында VIII республикалық турнир өтті. Аталған жарыс Қазақстан Республикасы Ардагерлер волейболы федерациясының вице-президенті, «Сарыарқа» волейбол клубының президенті Ерсұлтан Бектұрғановтың бастамасымен ұйымдастырылды.

50 жас пен 70 аралығында жарыс алғаш рет өткізіліп отыр. Додаға еліміздің әр өңірінен келген 37 команда қатысып, 300-ден астам ардагер спортшы бақ сынады. Турнирдің басты мақсаты Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев айқындаған бұқаралық спортты дамытуға бағытталған. Сонымен қатар, жастарды спортқа баулу және қоғамда салауатты өмір салтын қалыптастыру көзделді. Ауқымды спорт шарасы Жақсылық Үшкемпіров атындағы Жекпежек сарайында салтанатты түрде ашылып, кейін қаладағы бірнеше спорт кешендерінде жалғасын тапты. Ашылу рәсімінде ҚР Ардагерлер волейболы федерациясының президенті Әсет Әділхан қатысушыларға сәттілік тілеп, жарыстың маңыздылығына тоқталды.

– Турнир барысында көрермендер назарына ерекше спорттық шоу ұсынылып, ұлттық спорт дәстүрі мен күш өнері насихатталды. Халықаралық деңгейдегі мәртебелі қонақтар да жарысқа жоғары баға берді. Олардың қатарында Олимпиада чемпиондары Сергей Тетюхин мен Дмитрий Ильиных бар. Жарыс барысында командалар тартысты ойын көрсетіп, ардагер спортшылардың жоғары дайындық деңгейі мен спортқа деген адалдығы жанкүйерлердің ерекше ықыласына бөленді. Қорытындысында жеңімпаздар кубоктармен, медальдармен және грамоталармен марапатталды, – деді ол.

Бұл турнир тек спорттық бәсеке ғана емес, әр өңірден келген ардагерлердің басын қосқан достық пен бірліктің алаңына айналды. Жалпы, елордадағы ардагерлер волейболының тарихы 1997 жылдан бастау алады. Сол кезеңде бұл спорт түрінің дамуына бірқатар жанашыр азаматтар үлкен үлес қосты. Бүгінде сол дәстүр жалғасып, «Сарыарқа» волейбол клубы түрлі буын спортшыларын біріктіріп келеді.

Қазіргі таңда клуб құрамында 17 жастан бастап 70 жастан асқан ойыншылар өнер көрсетіп, ұрпақтар сабақтастығын нығайтуда. Бұл бастама елімізде бұқаралық спортты дамыту бағытындағы мемлекеттік саясатпен үндесіп жатыр. Ардагерлер турнирі – тек жарыс емес, ол өмірге деген құштарлықтың, белсенділіктің және жастарға үлгі болатын рухтың жарқын көрінісі.

Айта кету керек, тартысты додада елордалық «Астана-70+» командасы өз санатында топ жарып, бірінші орынды иеленді.

А.Қ.Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының ұжымы «Аударма ісі» мамандығының 1-курс студенті

Құнанбайқызы Айкеннің

мезгілсіз қайтыс болуына байланысты ата-анасына, туған-туысқандарына қатты қайғырып, көңіл айтады.

№46 (4944) 21/04/2026 Сейсенбі



Қылқалам сөйлеткен шындық

Шапағат ӘБДІР

> «Сурет – үнсіз поэзия, ал поэзия – сөйлейтін сурет» деп әлдебір ойшылдың айтқаны бар емес пе?! Мүмкін бұл Пабло Пикассо немесе ежелгі грек ақыны Симонидтің айтқан сөзі болсын – бәрібір. Бастысы, бейнелеу өнері мен сөз өнерінің табиғаты бір-бірімен тамырластығын жақсы ашып-ақ тұр. Расында да, қылқалам мен қаламның өрнегі екі бөлек болғанымен, екеуінің де көздегені бір – адам жанын толқыту, жүрекке әсер ету, санаға сәуле түсіру. Суретші бояу арқылы ойын жеткізсе, ақын сөз арқылы сурет салады.

Бүгінгі күні осы қос өнердің де арнасы сан тарауға бөлінді. Заманауи кескіндеме енді тек әсемдікті бейнелеумен шектелмей, ол қоғамның тамырын ұстап, адамзаттың ішкі күйзелісін, уақыттың ащы шындығын бедерлейтін қуатты құралға айналды. Қылқалам енді бояу емес, ой. Сурет – енді көрініс емес, пікір.

Қазақ бейнелеу өнерінде де қылқаламын кемпірқосақтай құбылтып, бояуын терең мағынаға айналдырып жүрген суретшілер аз емес. Солардың бірі – әлеуметтік тақырыптарды өз туындыларына арқау етіп, әлем назарын аударған суретші Аңсаған Мұстафа. Жақында біз оның «Сөйле, сурет» атты Қазақстан Республикасының Ұлттық музейіндегі 200-мерейтойлық көрмесіне барып қайттық.

Бұл жоба алғаш рет 2014 жылы Астанада бастау алып, кейін еліміздің көптеген қалаларында таныстырылған. Бүгінде суретшінің туындылары әлемнің 30-дан астам елінде қойылып, көрерменнің ықыласына бөленіп үлгерген. Ал Ұлттық музей қабырғасындағы бұл көрме – суретшінің шығармашылық жолындағы екі жүзінші белесі. Экспозицияға заманауи қоғамдағы өзекті мәселелерді қозғайтын жетпіске жуық графикалық туынды қойылған.

Көрмеге кірген сәттен-ақ суретшінің әр картинасы санаға сәуле түсіріп, көңіл түкпіріндегі көмескі ойларды оятқаны анық. Сондықтан да бұл – көрме ғана емес, бұл бояумен қоғам тамырын дөп басып қойылған әлеуметтік диагноз. Автор жалғыздық, технологиялық тәуелділік, отбасы құндылықтарының әлсіреуі, жұмыссыздық, цифрлық тәуелділік сынды жаһандық мәселелерді графикалық символдар арқылы шебер бейнелеген.

Көрменің ашылу салтанатында сөз сөйлеген Ұлттық музей директоры Берік Әбдіғалиұлы суретшінің халықаралық деңгейдегі көптеген көрмелері көрермен жүрегінен орын тапқанын атап өтіп, бұл экспозицияның да ел назарынан тыс қалмайтынына сенім білдірді.

«Аңсаған Мұстафаның туындылары көрерменді ойлануға, қоғамдағы өзгерістерге тереңірек қарауға жетелейді. Музей әрдайым осындай көрмелерді ұйымдастыру арқылы қоғамдағы өзекті мәселелерді көтеретін шығармашылық бастамаларды қолдап келеді» деді ол.

Шынында да, көрмеге қойылған картиналарға қарап отырып, өнерде шекара жоқтығын сезінесің. Аңсағанның туындылары белгілі бір ұлттың немесе қоғамның мәселесін емес, тұтас адамзаттың ортақ күйін бейнелейді. Сондықтан оның суреттері әлемнің қай түкпірінде көрсетілсе де, көрерменнің жүрегіне жол табады.

Ал бізге көрмедегі ерекше назар аудартқан туындылардың бірі – «Боқ қоңыз» картинасы. Қазақ ұғымында «дүниеқоңыз» деген сөз бар. Бұл тіркес тезегін домалатып бара жатқан қарақоңыздың әрекетінен алынған. Яғни мал-мүлікке, дүние жинауға құмар адамды халық сол жәндікке теңеген. Суретші осы ұлттық танымды заманауи символикамен ұштастырып, терең астарлы дүние жасаған.

Аталған картинада қара қоңыз әлеуметтік желілердің логотиптерін домалатып бара жатады. Бұл – қазіргі адамның виртуалды әлемге тәуелділігінің метафорасы. Бұрын адам мал-мүлікке байланса, бүгінгі адам экранға байланды. Әлеуметтік желі – адамның уақытын, назарын, еркіндігін домалатып алып бара жатқан цифрлық «тезекке» айналғандай. Мұндағы қарақоңыз – қазіргі заман адамының өзі. Автор акрил бояудың контрастық реңктері мен символикалық композиция арқылы әлеуметтік желіге шырмалған қоғамның шынайы келбетін ашып, міне, осылайша ашып көрсеткен. Бір қарағанда, мысқылға ұқсайтын бұл сурет шын мәнінде адам санасының тәуелділікке түскен трагедиясын әшкерелейді.

Тағы бір әсерлі туынды – «Үйленгім келеді» картинасы. Бұл шығармада қазақ қоғамындағы несие мен той мәдениетінің қайшылығы бейнеленген. Картинада баласына «Балам, біз үйленгенде алған кредитті жауып алайық, содан кейін үйленерсің» деген әкенің сөзі эмоциялық қуатпен берілген.

Бұл да қарап тұрсаңыз, әкенің өткендегі қарызы баланың болашағына салмақ болып түскен тұрмыстық көрініс ғана емес, тұтас бір буынның әлеуметтік ахуалы ғой. Міне, осылайша суретші композициялық драматизм арқылы қарызға белшеден батқан қоғамның психологиялық қысымын көрсетеді. Той қуаныш емес, қаржылық ауыртпалыққа айналған. Қазақтың қуанышы несиеге тәуелді болған сайын, жас ұрпақтың еркін шешім қабылдау мүмкіндігі азая түседі. Бұл картинада суретші отбасылық диалог арқылы әлеуметтік трагедияны көрсеткен деп бағамдадық іштей.

Ал көрмедегі ең терең философиялық туындылардың бірі – жасанды интеллект белгісіне жалғанған қолмен қазақтың бесігі тербеліп тұрған сурет. Бесіктің ішінде үлкен ми жатыр. Бір қарағанда, тосын көрінетін бұл композиция іштей өзіңізге сұрақ қойғызатындай. Тіпті санаңызды қытықтағандай сезім береді. Бесік – қазақ үшін тәрбие мен ұлттық сананың символы. Ал суреттегі жасанды интеллект белгісі – технологиялық дәуірдің белгісі. Автор осы екі ұғымды қатар қойып, бүгінгі ұрпақтың санасын енді ана әлдиінен бұрын цифрлық кеңістік тәрбиелеп жатқанын меңзеп тұр деп түйсіндік. Міне, осындай суреттері арқылы суретші адамзаттың рухани кеңістігіне технологияның тым ерте еніп кеткенін қалай шебер жеткізгеніне таңғалып тамсанбай тұра алмайсың.

«Бұл суреттерді салып жүргеніме көптеген жылдар болды. Бір суретімнің бірнеше нұсқасы болады кейде. Ал ең алғашқы әлеуметтік тақырыптағы суретімді небәрі он бес жасымда салған екенмін. Содан бері екі жүзге жуық сурет салыппын. Оның алпыс тоғызы Ұлттық музейдегі көрмеге қойылған. Бір түсінгенім, бұл суреттерімді тек қазақ қана емес, әлемнің көптеген елі өте жылы қабылдады. Себебі қазіргі біздің кешіп жатқан көңіл күйімізді барлық халық кешіп жатыр. Әлеуметтік тақырыптарымыз ортақ. Сондықтан оларға менің салған суреттерім жат көрінбейді» дейді автор өзі де.

Шынында да өзі айтпақшы, оның туындылары белгілі бір ұлтқа ғана емес, бүкіл адамзатқа ортақ мәселелерді көтереді. Сондықтан оның картиналары ұлттық бояумен салынғанымен, мазмұны жаһандық сипатқа ие. Нағыз өнердің құдіреті де тілсіз-ақ түсіндіруі мен үндемей-ақ ойландыруында ғой қашанда.

АСТАНАҒА АЛҒАШҚЫ ӨНЕР САПАРЫ

Астанаға гастрольдік сапармен келген Шығыс Қазақстан облысының драма және оперетта театры алғаш рет елорда төрінде өнер көрсетті. Қ.Қуанышбаев атындағы Қазақ ұлттық музыкалық драма театры сахнасында талантты актерлер құрамы көрермен назарына музыкалық «Mamma Mia!» спектаклін ұсынды.



Қойылымды Астана қаласы әкімінің орынбасары Есет Байкен, Шығыс Қазақстан облысының әкімі Нұрымбет Сақтағанов және басқа да өнер мен билік өкілдері тамашалады. Аталмыш театрдың жетекші солистері, хор, балет және симфониялық оркестр қатысып, сахнада кең ауқымды әрі әсерлі музыкалық көрініс көрсетті. Олар сахналаған «Mamma Mia!» спектаклінің негізін әлемге әйгілі ABBA тобының хит әндері құрайды. Жанды музыка, шынайы эмоция және ерекше сахналық шешімдер көрерменге ұмытылмас әсер сыйлады.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, «Mamma Mia!» – махаббат пен өмір қуанышын дәріптейтін, көрерменді жарқын сезімге бөлейтін әсерлі қойылым. Аталған мюзиклдің авторлары – Берн Ульвеус пен Бенни Андерссон. Либретто авторлары – Ержан Темірбеков пен Анна Гладилина.



Бұл гастрольдің ерекшелігі – Астана көрерменінің алғаш рет театрдың толық құрамымен, яғни жетекші солистер, хор, балет және симфониялық оркестрімен танысуы. Екі сағатқа жуық уақытқа созылған музыкалық қойылым барысында труппа актерлерінің бәрі жанды дауыста ән салып, би билеп, бірнеше өнердің синтезін жасады. Оларды спектакльдің басынан аяғына дейін симфониялық оркестр сүйемелдеп отырды. Шынайы таза өнердің озық үлгісін көрсеткен театр өнерпаздары елордалық көрерменнің ыстық ықыласына бөленді.

Редакция қолжазба иелерінің пікірлері мен көзқарасын бөлісуі шарт емес.

ELORDA AQPARAT

Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген.
Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – **Олжас СЫДЫҚБЕК**

Бас редактор – **Еркін ҚЫДЫР**

Бас редактордың орынбасары – **Ғалым ҚОЖАБЕКОВ**

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.
Тираж – 5 100. Апталық таралымы – 15 300
Тапсырыс № 46
Баспахана: Астана қаласы,
Сілеті көшесі, 30-үй
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы:
010000, Астана қаласы,
Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК

Va-reklama@mail.ru
aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – Аманғали ҚАЛЖАНОВ